



Ақмешіт

29 желтоқсан
сейсенбі
№100 (1701)
2020 жыл

апталығы

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады
• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

СЕССИЯ

Осы аптада қалалық мәслихаттың кезектен тыс жетпіс үшінші сессиясы өтті. Оған қалалық мәслихат хатшысы Роза Боханова, халық қалаулылары мен қала әкімінің орынбасарлары, сала басшылары және БАҚ өкілдері қатысты.

ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ ҚАРЖЫСЫ ҚАРАЛДЫ

Күн тәртібінде қалаға қарасты Ақжарма, Ақсуат, Қызылжарма, Қарауылтөбе, Қызылөзек, Қосшынырау, Талсуат ауылдық округтері мен Тасбоғет және Белкөл кенттерінің 2021-2023 жылдарға арналған бюджеті қаралды. Қаржы мәселесі болғандықтан сөз кезегі қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Гүлнәр Баймахановаға берілді.

– Қалалық бюджеттен кент және ауылдық округтер бюджетіне берілетін субвенция көлемі әр жыл сайын ұлғаяды. Ал республикалық бюджеттен 21187 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферт бөлінуде, – деді.

Сонымен қатар 2020-2022 жылдарға арналған кент және ауылдардың бюджеттері шығыстарының басымдықтары ҚР Президентінің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа Жолдауына, 2020-2024 жылдарға арналған қаланың әлеуметтік-экономикалық даму болжамына, сондай-ақ экономикалық жағдайға сәйкес айқындалды. Мәселен, қос кент пен ауылдық округтердің жалпы шығын көлемі 2021 жылы 679418 мың, 2022 жылға 672661 мың, 2023 жылы 684790 мың теңге деп жоспарлануда.

Бөлім басшының айтуынша, бұл шығындар 10 бюджеттік бағдарлама бойынша іске асырылады. Әр бағдарлама барысында елді мекендерді абаттандыру мен қоғалдандыруға, аяқ су сорғыларын күтіп ұстауға Қызылөзек, Ақсуат, Талсуат ауылдарына қаралған. Сонымен бірге дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шараларға қаржы бөлінбекші. Оған қоса жол жөндеуге, Ақсуат, Қарауылтөбе, Қызылжарма, Талсуат ауылдарында жол жөндеуге, Ақжарма, Қосшынырау, Қызылөзек ауылдық округтеріне жарық бағаналарын орнатуға қаржы қаралды деп жоспарлануда.

Сессия соңында депутаттар қаралған мәселені мақұлдады. Байқағанымыздай, ауылдар мен кенттер жыл артқан сайын бөлінген қаражатқа сай көркейе түспек.

Ақтоқсан НҰРЛЫБАЙ

БІЛІМ

ІІІ ТОҚСАН: ОҚУШЫНЫ НЕ КҮТІП ТҰР?

Эпидемиологиялық ахуалға байланысты елде бірқатар шектеу болғаны белгілі. Соның бірі – жана оқу жылын оқушылар қашықтан білім алудан бастады. Онлайн форматта білім беру мен оқудың өзіндік жөн-жосығын ұстаздар қауымы мен оқушылар жақсы біледі.



2 БЕТТЕ

Еліміздің бас санитар дәрігері Ерлан Қиясовтың қаулысы бойынша 2020-2021 оқу жылының үшінші тоқсанынан бастап рұқсат етіледі:
– 300 оқушыдан аспайтын қала және ауыл мектептерінде, балалар саны 15 адамға дейін дәстүрлі форматта білім алуға;
– жалпы білім беретін мектептің 1-5 кезекші сыныптарында 15 баладан асырмай оқытуға;
– бітіруші сыныптар үшін аптаның 6 күн ішінде құрамдастырылған оқытуға (9, 11 (12)-сыныптар): пәндердің 70 пайызы штаттық режимде, 30 пайызын қашықтан оқыту (сыныпта 15 адамнан артық емес, әлеуметтік қашықтықты сақтау, 1 сынып – 1 кабинет қағидаты бойынша оқыту, бір мезгілде мектепте 30 пайыздан артық емес жобалық қуаттылықта болу, санитариялық-дезинфекциялық режимді, маскалық режимді күшейту);
– білім беру мекемесі әкімшілігінің шешімі бойынша оқушыны сабақтан тыс уақытта бес адамнан аспайтын топтарда жеке оқытуға;
Сонымен қатар екінші семестрден бастап колледждер мен жоғары оқу орындарының бірінші курс студенттеріне штаттық оқуға рұқсат етіледі.



ОНЛАЙН ӘЛЕМНІҢ АРТЫҒЫ МЕН КЕМТІГІ

Адамзат игілігі үшін тұрмысымызға енген интернет өмір салтымызды өзгертпей қоймады. Соңғы жылдары әлемдегі үлкен өзгерісті атау жөнінде тұрғындар арасында сауалнама жүргізілсе, барлығы да адамдардың онлайн әлемге көшіп-атпап көрсетер еді десек қателеспейміз. Тіпті аз уақыт ішінде тұрмысымыздағы көп қызметті интернет арқылы жүзеге асыра бастадық. Өзіміз де онлайн әлемге еніп кеткенімізді білмей де қалдық. Байланыс операторлары соңғы жылдары телефон байланысы арқылы түсетін кірістің азайып кеткенін айтқан. Белгілі жағдай. Қазір жұмыс кабинетіндегі телефондар қызмет көрсетуге дайын тұрғанымен, қызметіне аса мұқтаж емеспіз. Тіпті телефонның бар екенін ұмытып та кететініміз қалыпты жағдай. Телефон қызметін ауыстырған әлеуметтік желідегі мессенджерлер өте ыңғайлы. Хабарласқың келген адамның уақытын да алмайсыз, әрі алаңдатпайсыз да. Ал «мобильді банкинг» банк операцияларын орындауды мінсіз атқаруда. Үйден шықпай-ақ коммуналдық қызметтерді, несиелерді төлеу адамдарды арнайылап банкке, төлем орталықтарына барудан босатты. Ал биылғы пандемия кезеңі интернет қызметін мейлінше тезірек игеруді жеделдетті.



4 БЕТТЕ

ҚОЛТАҢБА

Сыр өңіріне қазақы болмысты бойына сіңірген ұлт жанашыры, құндылық қорғаны Ахат Жанаявтың есімі жақсы таныс. Әсіресе, аядай ауылда өсіп, Алашқа тұлға атанған азаматтың журналистика саласына қосқан үлесі мен қаламгерлік қыры талай жұртты тандай қақтырған еді. Оған қоса, Қорқыт ата мұрасын жандандырған еселі еңбегінің өзі бір төбе. Сөзі мен ісі таным биігінде ұштаса білген тұлға ел есіне радиодағы жағымды үні мен кәсіби шеберлігі арқылы енді...

ҚОБЫЗҒА ҚАМҚОР ҚАЛАМҒЕР

Қарымды қаламгер 1934 жылы 24 маусымда Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданы, 1 май колхозында дүниеге келген. Ең жайлаған аштық пен сұрапыл соғысқа дөп келген балалық шақ онайға соқпады. Әкесі Әбжаппар Жанаев 1937 жылы “халық жауы” деген жаламен тұтқындалып, “Волголаг” лагерінде қаза болса,

анасы Айтқұл Кәрібайқызы да қуғын-сүргіннің құрбанына айналып, дүние салды. Өке мен анандан айырылып, өмірдің кермек дәмін ерте татқан бала Ахат нағашы әжесінің тәрбиесінде болып, 1942 жылы Тобыр қыстағындағы 7 жылдық мектепке қабылданды. Бала кезінен әдеби шығарма, ертегі-аңызға қанығып өсіп, қаламға

құштар болды. Жоғары оқу орнында жүрген сәтте атақты жазушылармен жүздесіп, рухани ұстаз тұтқан журналистермен етене жақын болуға тырысты. Нәтижесінде салмақты очерк, суреттеме-әңгімелері облыстық, аудандық басылмаларда жарық көрді.

3 БЕТТЕ

КӘСІПКЕР КЕЛБЕТІ

ҚОС ТІГІНШІНІҢ КӘСІБІ

Тігін цехы әрдайым қызған еңбек құшағында. Гүлзада мен Гүлзағираның тігін машинасынан қолы бір сәт босамайды. Екеуі де он саусағынан өнері тамған тігінші, яғни, алтын қол иесі. Гүлзада бас тігінші, ал қасындағы Гүлзағираның көмекшісі. Ертеректе Қазалыдан қоныс аударып, қалаға келген. Ол кезде қазіргі бас тігіншінің туған апасы Үрімші атағы дүркіреп тұрған Қызылордадағы «Әсем» атты ательеде он саусағынан өнері тамған тігінші еді. Сіңлісі Гүлзаданы қасынан қалдырмай, тігін цехына отырғызып, қыр-сырын үйрететін.

Бұл күндері «Айгүл» атты атағы бар тігін цехына ағыл-тегіл келушілер көбейген. Бәрін шынайы ілтипатпен қарсы алатын Гүлзаданың жаны жаз, көңілі көктемдей мінезіне тұтынушылар тәнті. Екінің бірі айналайын біздің Гүлзада деп, алғыс айтуда.

2 БЕТТЕ



Бірде Абылай хан қасына Бұқар жырауды шақыртып:

– Түнде түс көрдім. Табытта жатыр екенің. Басыма ілінген үш жүздің жалауын үш тобыр жұрт жылып әкеткелі тұр. Табытымның бір бүйірінде арыстан, екінші бүйірінде айдаһар отыр. Аяқ жағымда бір топ үрім-бұтағым. Қасымнан өрбіген бір теңтегім қолына қанжарын ұстап мені қорғап тұр. Уәлиден тараған бір ұрпағым маған құран оқып жатыр. Ал мен өліп жатсам да, екі бүйірімде отырған арыстан мен айдаһарға

Ісінді ел ұнатса үш жүздің жүрегінде қаласың

кезек-кезек қарап, мыналардан қалай құтылам деп жанталасудамын. Осы түсімді жорып берші, – Бұқар аға, депті.

Сонда Көмекей әулие атанған Бұқар бабамыз: – Түс жору – түлкі аулаумен тең. Кейде ізіне дәл түссесің, кейде шет кетесің, сонда да жорып көрейің, – деп Абылай ханның түсін былайша жорыпты.

– Қырыққа келмей табытта жатсаң – өмірің ұзақ болады екен. Басыңа жалау тігіліп, оған үш бірдей топ таласып жатса, үш жүзге хан болады екенсің. Табытта жатып, екі бүйіріндегі арыстан мен айдаһардан қалай қашып құтылам деп қорықсаң, көрші тұрған екі мемлекетке жалтақтаумен өтесің. Ал аяқ жағыңда тұрған үрім-бұтағыңның ішінен бірі құран оқып, бірі қан-

жар қайраса, Уәлидің ұрпағынан шыққан бір тұқымың атын қағазда, ал Қасымнан туған бір балаң атағын майданда қалдырады екен, – деп жауап беріпті. Халық әулие санап жүрген жырау осылайша түсін жорыған соң хан: – Бір ұрпағым атын қағазда, екінші ұрпағым атағын майданда қалдырады екен. Сонда мен өзім қайда қаламын? – деп танырқақты. Сонда Бұқар жырау:

– Басыңа үш жалау босқа тігілді ме? Ісінді ел ұнатса үш жүздің жүрегінде қаласың, – деп жауап беріпті.

Шынында да қазір қарап отырсақ Бұқар жырау Абылай ханның түсін дәл жорыған екен. Абылай хан үш жүзге бірдей хан болып, бар қазақтың басын біріктірді. Уәлиден тараған ұрпағы Шоқан тарихта галым болып қалды. Ал Қасымнан тараған ұрпағы Кенесары қазақ халқының болашағы үшін күресіп өтті.

А.АҚЫЛБЕК

ҚОС ТІГІНШІНІҢ КӘСІБІ

Бір сәт тігінші Гүлзада Есбосынова сыр ағытты.

— Баяғы шағын цехтың табысы жылма-жыл көбейде, сұраныс көп. Келешекте цехты одан әрі ұлғайту ойда бар, — деді Гүлзада. Бір қуанарлығы Сыр өңірінде кәсіпкерлікке кедергі жоқ, республикадағы бірден-бір кең жол ашылған өңір десем қателеспеймін. Бұған қалай сүйсінбейсің.

— Бір ұл, бір қызым бар. Қызым Гүлжайна оныншы сыныпта оқиды, ұлым Тахир — жылу орталығында маман. Ерім Қуанышбек «Айтбек» сауда үйінде еңбек етеді. Ерттеректе бір қайным дүние салып еді, солардың екі баласын асырап отырған жайым бар. Бәрін ер жеткізсем, қатарынан кем қылмай өсірсем деймін. Адамға ұл-қыздан, немеренің қуанышынан артық не бар...

Ардагер тігінші Гүлзада жоқ-жұқа жандарға қайырымды. Жүзінен шуақ шашылған шебер тігіншінің оңбойынан әйелге тән сыйайлық, жаны жайсаң сұлулық иірімдері сезіледі. Мерзімді баслымдарды қалт жібермей оқитын, ойға түйетін қасиетіне сүйсінгендей болды.

Қарапайым тігіншінің ой-өрісі, қарапайым жандарға деген ыстық ықыласы сүйсінткендей болды. Тілек айтты.

Гүлзада ауылдан ұзап шықпаған еді. Соңау Қазалының бір кириындағы өңірде балалық шағы өтті. Туған жерде жұмыстың ыңғайы келмеді. Содан Қызылордаға тартты. Бірер кеңсені Басы 1-бетте

жағалады. Бәрі бір-бірінің аузына түкіріп қойғандай сыңай байқатты. «Орын жоқ» деген сөз естіді. Үлкен апайы Үрімші тігінші еді. Тігін машинасының зырылдаған дауысы құлағына жағымды естіді. Көп жыл тігіншілікті кәсіп тапсырыс береріне сенемін. Сонан соң мектеп балаларының форма киімдері ше? Бұл бұйымдар кез келген дүкеннен табыла бермейді. Міне, осы сәтте тігіншіге қолқа салмай тұрмайды.



еткен апайының он саусағынан өнері таматын. Киім-кешектің сан алуан түрін тігетін еді, содан болар тігін цехынан адам үзілмейтін-ді. Келушілер алғыс айтып жататын. Бала Гүлзада бәрін ойға түйіп, тігіншілік кәсіпке қызықты, үйренуге бел буды.

— Қарағым, менің кәсіпімді жалықпай үйрен. Тігіншілік қарныңды ашырмайды. Жұрт қай кезде болса да бұйымдарын жөндетуге, тігін беруге тігіншіге келмей тұрмайды. Әке-әжелер баяғы ұлттық киімдеріне

Гүлзада бағанадан бері тігінші Үрімші апасының сөзіне ұйып қалғанды.

— Ә, апа, мұныңыз дұрыс ақыл болды. Мен сіздің қарауыңызда бірер жыл үйренуші болайын. Үйретесіз бе?

— Жарайды қалқам. Бүгіннен бастап қасымда отыр, екінші тігін машинасы көптен бері бос еді. Бүгіннен бастап меншіктеп ал.

Содан Гүлзада бірер жыл қаладағы «Әсем» атты тігін цехында үйренушіліктен өтті.

Апасы Үрімшінің шәкірті болып шыналды. Ұстазы шәкіртінің ыждағатты ісіне риза болған пейілін байқатты.

Сол баяғы балаң Гүлзада қазір есейген, ер жеткен, ардагер. Отбасын құрған, ері Қуаныш екеуі төрт ұл, қыз өсіріп, немере сүйіп отыр. Қаладағы Д.Қонаев көшесінің бойындағы тігін шеберханасының шебер тігіншісі. Жүйрік уақыт-ай, тігіншілік цех ашып, еңбек ете бастағанына он шақты жылдың жүзі болып қалыпты.

— Анам Ағиша тоғыз қыз, үш ұл өсірген. Тоғыз қыздың үшіншісімін. Қазір өскен, өркен жайған ұрпақтар бір-бір шаңырақ. Менің де төрт балам бар. Бәрине шүкір, думанды шаңырақты Қуанышбек екеуіміз берекелі отбасына айналдырып отырмыз.

Иә, біз бір сәтте жұрт ықыласына бөленген кәсіпкер Гүлзада Есбосынова басқаратын тігін цехындағы шебердің еңбегіне сүйсінгендей болды. Шынайы ілтипат, жылы шырай, мінезге бай келіншек кімді де болса баурап алғандай еді. Қасына көмекшілікке сіндісі Гүлзағираны алған. Екеуі де тігін цехына келушілерді ықыласпен қабылдап, алғыс аркалап жүр. Қос кәсіпкерге біз де ризалық білдіргенді парыз тұттық. Еңбегің жана берсін, Гүлзада!

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ
Қазақстанның еңбек сіңірген журналисі

ЖЫЛ ҮЗДІГІ

Қаламыздағы жастар театры 2016 жылдан бастап қала әкімінің қолдауымен жұмыс жасап келеді. Театрда 16-21 жас аралығындағы шығармашыл жастар еңбек етеді.

Ақын, сценарист, режиссер, ҚР мәдениет қайраткері Оңталап Нұрмахановтың жетекшілігімен көптеген көркем дүниелер сахналанып, көрермен қауымнан оң бағасын алып келеді.



БҰЛ – ЖАСТАР ТЕАТРЫ

Осы кезге дейін Қ.Жүнісовтың «Алғашқы махаббат» комедиясы, А.Атымтаеваның «Қыз қасқыр» қасіретнамасы, Б.Айдарбековтің «Неге?» және С.Балғабаявтың «Қызылорданың қыздары» спектакльдері жоғары деңгейде сахналанды.

— Жастар театры тәуелсіздік жылдарындағы шуақты күндердің жемісі деп білемін. Бұл рухани орталықтың жас ұрпақ бойына сіңіре ұлттық құндылықтары орасан. Театр жастардан құралғандықтан олардың әлі де көрерменге бергенінен берері көп деп санаймын. Жұртшылықтың ықыласы мен құрметіне бөленген өнер ұжымы дарабоз саңлақтардың, жас таланттардың киелі шаңырағына айналды. Оның әрбір сахналаған спектакльдері белгілі бір бейнеге немесе арнайы тақырыпқа негізделеді. Өмір өлшеуілі, өнер өміршең екенін қойылған көрністер арқылы көз жеткізіп келеміз. Мазмұнды репертуар, талантты актерлар, сахна мәдениеті бір арнада тоғысып, көрермен көңіліне жол тауып, өз кезеңінің үні болып отыр. Жақында шаһар басшысы Нұрлыбек Машбекұлы «Жастар театрының халықаралық байқау қорытындысы бойынша марапаттау салтанатына қатысып, өнер ұжымын арнайы медальдармен марапаттады. Өз кезегінде келер жылы 5 жыл толатын театр өз алдына дербес мекеме болып құрылатынын жеткізді. Бұл өнер өкілдері үшін жақсы жаңалық болып отыр. Біз соған бек қуаныштымыз, — дейді театрдың көркемдік жетекшісі Оңталап Нұрмаханов.

Шығармашылық ұжымның жеткен жетістіктері де аз емес. Жақында ғана Қарағанды қаласында А.Құнанбайұлының 175 жылдығына орай О.Нұрмахановтың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...» трагифарс премьерасы «Театр талант шығармашылығы» атты халықаралық театр фестивалінде, жеңімпаз атанып, 1 млн теңгенің сертификатпен марапатталды. Сонымен қатар Шымкент қаласында өткен А.Атымтаеваның «Қыз қасқыр» қасіретнамасы қойылымы тәуелсіз театрлар арасындағы халықаралық фестиваліне Ерғали Оразымбетов атындағы номинация иегері атанды.

Театр актерлары қала, облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталып келеді. Ал театрдың көркемдік жетекшісі, ҚР мәдениет қайраткері О.Нұрмаханов Қызылорда қаласының «Құрметті азаматы» атағын иеленді.

Осы өнер ұжымында еңбек ететін жастың бірі, тәуелсіздіктің төл құрдасы — Динара Сунақ. Жас актриса Темірбек Жүргенов атындағы өнер академиясының және Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледждің түлегі.

— Мен осындай көркем қалада туып, тәуелсіз елдің перзенті болғанымға шүкіршілік етемін. Менің замандастарым бақытты дәуірдің тынысын сезініп, Отанымыздың көркейген шағында өсіп келеді. Бізге тәуелсіздіктің бергені көп. Ол білім, мәдениет, тарихтың қайта жаңғыруы. Менің анам Сәуле Ержанова — Желтоқсан көтерілісін көзбен көрген адам. Біз кішкентайымыздан отбасымызда Отанға деген шексіз құрметті сезініп өстік. Сыр елінің бүгінгі бет бейнесі тәуелсіздіктің жемісі, — дейді жастар театрының талантты актрисасы, тәуелсіздік құрдасы Динара Сунақ.

Қазақ өнерінің көшін жалғап, өнердің киесін сақтап, ұрпақтар сабақтастығы мен ұлы өнерді насихаттап жүрген театр ұжымының алар асуы әлі алда. Театрдың аймақтық мәдениет саласын дамытуға қосқан үлестері орасан. Келер жылы құрылғанына 5 жыл толатын шығармашыл ұжым мерейтойы кең көлемде аталып өтеледі деп жоспарлануда. Біз барған сәтте шығармашыл ұжым әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай өткізілетін Жолтай Жұматтың «Отырардың жасына» атты шығармасын сахналауға әзірлік үстінде екен. Кіл таланттар тоғысқан өнер ұжымының келешегі кемел екендігі жалынды жастар келбетінен айқын аңғарылады.

P.S. Жыл қорытындысымен Жастар театры қала бойынша «Үздік ұжым» номинациясын иеленді.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ІІІ ТОҚСАН: ОҚУШЫНЫ НЕ КҮТІП ТҰР?

Коронавирустың бәсеңдеуімен карантин шарасы жеңілдеп, ІІ тоқсаннан бастап 1-5 сынып аралығындағы оқушылар санитарлық талапқа сай мектеп қабырғасында білім алуға мүмкіндік алған. Сондай-ақ бала саны 300-ден аспайтын мектептердің дәстүрлі форматта сабақ беруіне рұқсат етілген еді. Көзді ашып, жұмғанша бұл тоқсан да аяқталуға жақын.

Ал жаңа тоқсанда 9,11 сынып оқушылары да қалыпты жүйеге көшіп, негізгі пәндер бойынша білім алады. Осы орайда облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ІІІ тоқсанның оқу жүйесі мен тәртібін толық түсіндірді.

— Үшінші тоқсанды барлық санитарлық-эпидемиологиялық талапты сақтай отырып 9,11 сынып оқушылары мектепте оқитын болады. Бүгінгі күні 9 сыныпта 13252 оқушы, 11 сыныпта 7004 оқушы бар. Олар негізгі пәндер бойынша, яғни қорытынды емтихан мен ұлттық бірыңғай тестілеу кезіндегі міндетті пәндерден білім алады, — деді ол.

Басы 1-бетте



Бүгінде облыста 1-5 сынып аралығындағы 53568 өрен жиынтық бағалау жұмысын тапсырып, ІІ тоқсанды аяқтамақ. Ал келесі тоқсанда 9-11 сыныптың 71589 баласы мектепке барады.

Қаңтардың 11-нен жаңа тоқсан басталады. Бұл тоқсанда 1-5 сынып аралығы мен 9, 11 сынып оқушылары мектепке барады. Ал оқушы саны 300-ден аспайтын білім ошақтары дәстүрлі форматта білім беруін жалғастырады. Сондай-ақ бұл тоқсанда барлық

оқушылар үшін қашықтан оқу кезінде игерілуі тиіс оқу бағдарламасын толықтыру мақсатында 5 оқушыдан аспайтын топтық консультация ұйымдастыруға мүмкіндік берілмек.

Білім саласындағы мұндай өзгеріс студенттерге де қатысты. Бұл ретте жоғары оқу орны мен колледждің І курс студенттеріне де білім ошағында офлайн түрде білім беру көзделген.

А.СЕЙІЛ

КОРОНАВИРУС: САҚТЫҚ ҚАЗЕТ

Бүгінде аймақта коронавирус инфекциясын жұқтырғандар саны 3374-ке жетті. Оның екі мыңнан астамы қала тұрғындары.



Соңғы мәліметтер бойынша вирус жұқтырудың жана І жағдайы қала тұрғынынан анықталған. Ал аудан бойынша осы кезге дейін Жаңақорғанда – 358, Шиелде – 294, Сырдарияда – 183, Қармақшыда – 159, Аралда – 114, Жалағашта – 113, Қазалыда – 103 наукас тіркелген.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметінің мәліметінше, инфекция жұқтырған 3 наукас емделіп шыққан. Ал жалпы вирустан айыққан наукастардың саны 3299 адам. Қазіргі таңда инфекциялық стационарда 23, реанимация бөлімінде 3 наукас ем алуада.

«Ақмешіт-Ақпарат»

ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ҚОҒАМҒА ҚАДАМ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы түрде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті.

Бүгінде елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілген.

Бұл ретте «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлық көрністерін болдырмау, алдын алу жөніндегі 2020 жылға арналған іс-шаралар жоспары бекітіліп, бірқатар шаралар атқарылды.

Жыл сайын құқық қорғау органдарының өкілдерінің қатысуымен сыбайлас жемқорлық фактілерін алдын алу және жолын кесу мәселелері бойынша құқықтық оқытулар өткізіледі.

Басқарманың интернет-ресурстардағы порталында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қызметі туралы арнайы бөлім тұрақты түрде жұмыс жасайды, сонымен бірге басқарма қызметкерлері басқарманың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарымен таныстырылады.

Басқармада нормативтік құқықтық

актілерге және құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағытына, ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бірнеше мәрте ішкі талдау жүргізілді.

М.А.ЛИЕВА
«Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің әкімшілік-құқықтық жұмыстар бөлімінің бас маманы



СПОРТ МАЙТАЛМАНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ...

«Nur Otan» партиясынан мәслихат депутаттығына үміткерлер Жұмбаев Дәулет Егембергенұлы және Дәрібаева Гүлсім Әбілқасымқызы партияның сайлауалды бағдарламасын түсіндіру мақсатында Шіелі ауданындағы спортшылармен кездесіп, партияға дауыс беру мақсатында алдағы сайлауға белсенді қатысуға шақырды.



Сайлауалды бағдарламада бұқаралық спортты дамытуға да айрықша көңіл бөлініп отыр.

Мәселен, партия алдағы бес жылға арналған өз жоспарында ұлт денсаулығын нығайтуға, халықты бұқаралық спортпен айналысуға бағыттайтын болады. Ол үшін: 2022 жылы Шіелі кентінде денешынықтыру және сауықтыру кешенін салуға, жасөспірімдер мен балалар спорт мектептерінің материалдық-

техникалық базасын нығайтуға және ұлттық спортты дамытуға (Ұлттық спорт түрлерінен, қазақша күрес, ауыр атлетика, тоғыз құмалақ, бокс, футбол, еркін күрес, дзюдо) ықпал ететін болады.

Нәтижесінде «Nur Otan» партиясы 2025 жылы ауданда дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтарды қамту деңгейін 36 пайызға жеткізуді көздейді.

«Nur Otan» партиясының Қызылорда облысы Шіелі ауданының сайлау қоры қаражатының есебінен төленді.



«Nur Otan» партиясының Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына үміткерлер Бейбітқұл Кәрімова, Сәкен Алдашбаев және Сымбат Әбдірахманова «Есіктен есікке» акциясы аясында шаһардағы бірнеше ардагер-ұстазбен кездесті. Үміткерлер партияның сайлауалды бағдарламасын таныстырып, сайлаушыларды алдағы сайлауда белсенділік танытуға насихаттады.

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ТІЛЕГІ

Басқосу барысында үміткерлер этно-мәдени бірлестік ардагерлері, зейнеткер Клара Анатольевна мен Венера Андреевнаның шаңырағында болып, партияның мақсат-міндеті мен қаланың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін көтеруге бағытталған жобалар төңірегінде пікір алмасты. Сондай-ақ ардагерлердің түрлі салаға қатысты ұсынысын тыңдап, партияға қолдау білдіруге шақырды. Білім беру саласының ардагерлері қызмет жолы мен маньызды мәселе төңірегінде сөз қозғап, үміткерлерге сөзгілік тіледі.

– Бүгінде қолға алынған жөндеу жұмыстары, бағдарламалар көңілден шығады. Қаладағы инфрақұрылымды дамыту бастамасы өз жемісін бергенін байқау қиын емес. Мені алаңдатытын мәселе – мұғалімдердің жағдайы мен білім беру ісі. Ұзақ жыл ұстаздық жолда еңбек еткендіктен сала мамандары кезігетін қиындықтарды жақсы түсінемін. Әрине, биыл үкімет ұстаз мәртебесі мен жалақы жағдайын көтеруге біршама жұмыс

жасады. Ендігі қадам мұғалімдерді баспамен толық қамту ісі болса екен. «Nur Otan» партиясы ұстаздар қауымына әлі де қолдау білдіреді деп сенемін, – деді Клара Анатольевна.

Шара соңында үміткерлер қойылған сауалдарға жауап беріп, естелік суретке түсті. Сонымен бірге партия өкілдері акцияның әлі де жалғасатынын жеткізіп, өзге де сала мамандары мен ардагерлер қамтылатынын білдірді.

– Бүгін «Nur Otan» партиясының үгіт-насихат жұмысы аясында «Есіктен есікке» акциясының кезекті кездесуі өтті. Сайлауалды бағдарламамен таныстыру үшін зейнеткерлермен арнайы жолықтық. Олардың тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріп, бағдарламадағы 7 бағыттың қамтитын ауқымы, межелеген мерзімі турасында ақпаратпен бөлістік. Ардагерлер партияның бастамаларына сенім білдіріп, сайлау науқанында белсенділік танытатынын жеткізді, – деді үміткер Сымбат Әбдірахманова.

«Nur Otan» партиясы Қызылорда облысы Қызылорда қаласының Сайлау қоры қаражатының есебінен төленді.

ҚОБЫЗҒА ҚАМҚОР ҚАЛАМҒЕР

Қызылорда қаласында жоғары оқу орнын бітірген соң Алматыға Жоғары партия мектебінің радио және телевизия бөліміне оқуға түсіп, журналистиканың қыр-сырымен қанығуға күш салды. Онда Кеңес радиосының корифейлері И. Андронников, К. Ретинский, Ю. Арди, М. Трегубовтан сабақ алып, атакты Юрий Левитанның дәрісіне қатысуға мүмкіндік алады. Тіпті Юрий Левитан жас таланттың қарымын байқап, үлкен сенім білдіре қолдау көрсеткен екен. Кейіннен Қазақ радиосының аймақтағы меншікті тілшісі және облыстық радиода редакторлық қызмет атқарған сәтте алған білімі мен қабілет қарымы Жанаевты жаңылдырмады. Қаламгер кезекті естелігінде журналистика саласының қиындығы мен артылған жүктің салмағын былайша суреттейді:

– Радио тілшісі болу деген оңай қызмет емес. Салмағы пәлен келі репортерді иығымызға іліп алып, жаяу-жалпы кетеміз. Журналистика қызығы мен қиындығы қатар жүретін мамандық емес пе?! Бұл салаға кез келген адам шыдап бермейді. Ал мен осы мамандықты шын жүрегіммен қаладым, сондықтан оның қиындығына төтеп бердім. Радио журналист деген газет тілшісіне қарағанда әлдеқайда күрделі. Өйткені сен музыкамен, техникамен жұмыс істейсің. Әрі тілші, әрі операторсың және режиссёр де өзің. Журналистік сала уақытпен санаспайтын жұмыс. Сосын адамның жүрегіне жол таба білу керек. Кез келген адамға микрофон апарсаң, ол сасып қалады да сөз шықпайды одан. Әуелі кейіпкердің жүрегінен орын тауып, жылы сөйлесу керек. Дала академигі атанған ақ күршітін атасы Ыбырай Жакаев сөздің емес, істің адамы еді. Ол кісі маған: «Айтатын сөзіңді білесің ғой, жаза бер» дейтін. Сол Ыбырай Жакаевты кәдімгі шешен еттік қой. Сол сияқты адамның жүрегінен кілт таба білу керек, аша білу керек, – деген екен.

Расында, Ахат Жанаев сұхбат жанрында тың ізденіске бара білді. Әр кейіпкердің болмыс-бітімі мен ерекшелігін дөп басып, әңгімеге арқау етуге тырысты. Монғолияның жетекшісі Ю. Цеденбал, Г. Титов, Ж. Гуррағи, Р. Бағланова, С. Қожамқұлов, С. Майқанова, Ш. Айтматовпен әңгімесі әлі күнге журналистің сәтті сұхбаты есебінде ел жадында жаңғырады.

Басы 1-бетте



Сонымен қатар Р. Мәзкожаев, Н. Мольбаев, Қ. Баймағанбетов, А. Тұяқбаев, К. Рүстембеков, А. Алматов, Ә. Әбуов, М. Көкенов секілді өнер майталмандарымен өткізген келелі әңгіме алтын қорда сақтаулы.

Ахат Жанаев тек сұхбат жанрында ғана қалам тербеп қойған жоқ. Ол шетелдердегі казак диаспорасы туралы бағдарламамен қатар күй-термелер, ән-жырды насихаттау бағытында да толымды тірлік атқарды. Соның бірі де бірегей – Қорқыт күйлерін қайта жаңғырту. Радио журналист 1975 жылы қарт қобызшы Смайл Шәменұлынан (соқыр Нышан) Қорқыт атаның 12 күйін ұнтаспаға түсіріп, Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына табыс еткен. Қайсар тұлға Қорқыт күйін зерттеуге 15 жылдан астам ғұмырын арнап, әлемдік музыка ғылымына өлшеусіз үлес қосқан еді. Бүгінде Ахат Жанаевтың «Қайталанбас дауыстар», «Мирас» атты музыкалық антологияларына баба мұрасы енген. Осылайша 10 ғасыр уақыт өткенде ұлы сазгердің мұрасын қазаққа ғана емес, түркі жұртына табыстай білді. Бұл – есіл ердің ең еселі еңбегі.

Ахат Жанаев журналистика саласымен қатар көркем шығарма, зерттеу еңбегін жазуды

серік етті. Саналы ғұмырында «Арысы елін Алаштың», «Өтелген парыз», «Беркінбай әулие: аңыз бен ақиқат», «Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер», «Бұқарбай батыр», «Арманда өткен арысым», «Қазақ қайдан тараған?» атты кітаптар шығарып, оқырманға жаңа қырынан танылуға қадам жасады. Бұл шығармалар журналист-қаламгердің бөлек болмысын бағамдау, танымын саралауға өлшеусіз үлес қосары анық.

Дарынды қаламгер, айтулы журналистің еселі еңбегі, кәсіби қабілеті ескерусіз қалмады. Абзал азамат әрқашан марапат биігінен көрініп, ел ісіне атсалыса білді. Ол Қазақстанның «Құрметті журналисі», ҚР Мәдениет саласының үздігі, Сырдария және Жалағаш ауданының «Құрметті азаматы», облыс әкімінің стипендиаты атанып, бірнеше рет Қызылорда қалалық кеңесінің депутаты болып сайланды. Кәсіби шеберлік пен ұлттық өнерге деген жанашырлық талантты журналисті даңқ төріне шығарған еді. Демек, Сыр өңірі тарихында Ахат Жанаевтың есімі Қорқыт мұрасымен қатар аталып, журналист өнегесі мәңгі ұрпақ жадында жаңғырары белгілі.

Е. БАЛТАБЕКҰЛЫ

Жыл басында басталған «Жинақ марафоны – 2020» байқауы өз мәресіне жетті. Байқау қорытындысы бойынша 4 005 тұрғын тұрақты салым жасағанының нәтижесінде Жанақорған ауданы жеңімпаз деп танылып, салатанатты марапаттау шарасы өткізілді.

ЖИНАҚ МАРАФОНЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



Аудан халқын құттықтауға және марапаттауға «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Қызылорда филиалының директоры Әділжан Саулебаев қатысты.

Шара барысында сөз алған аудан әкімі Руслан Рустемов: «Жинақ марафонының халыққа тигізер пайдасы өте көп. Ең бірінші кезекте ақшаны дұрыс пайдалануға үйретсе, екінші кезекте баспана жағдайының жақсаруына зор


септігін тигізеді. Ипотекалық нарықтағы көшбасшы банкімен серіктес болып, халыққа пайдалы жұмыс жасағанымыз үшін қуаныштымыз» – деді.

Банк тарапынан облысқа қарасты жеті аудан мен Байқоңыр қаласына кеңесшілер бекітілген. Аудан тұрғындарына қызмет көрсету сол мамандарға толықтай жүктелген.

«Депозит ашудан бастап несие рәсімдеп баспаналы болғанға дейін түсіндірме

жұмыстарын жүргізудің нәтижесінде Жанақорған ауданы бойынша «Бақытты отбасы» бағдарламасы аясында 25 отбасы баспаналы болса, «Нұрлы жер» бағдарламасы арқылы 11 отбасы қоныс тойын тойлады. Ал облыс көлемінде жыл басынан бері 1 200 қызылордалық тұрғын үй жағдайын жақсартты» – дейді Әділжан Саулебаев.

«Ақмешіт-ақпарат»



БАНКНОТТАРДЫ АҚПАҢҒА ДЕЙІН АУЫСТЫРА АЛАСЫЗ

Ұлттық Банк 2006 жылғы үлгідегі номиналы 2000, 5000, 10000 теңгелік банкноттарды қабылдау және ауыстыру мерзімін ұзартты.

Ескі банкноттарды жаңасына 2021 жылдың 1 ақпанына дейін айырбастауға болады.

Олар тек Ұлттық Банктің филиалдарында ғана ауыстырылады, айырбасталады.

2021 жылдың 1 ақпанынан кейін 2006 жылғы банкноттар айырбасталмайды.

Қосымша сұрақтар бойынша Ұлттық Банктің 1477 байланыс-орталығына хабарласыңыз немесе Ұлттық Банкі Қызылорда филиалы, Б. Асқар көшесі, 30, тел: 55-15-18, 55-15-25.



МӘСЕЛЕ

Санаулы күннен соң жаңа жылға да қадам басамыз. Әуірімдеп жүріп жыл соңына да жеттік-ау. Биыл ел басына түскен алапат жағдайды еске алудың өзі қорқынышты. Қауіп әлі де сөйленген жоқ. Іргеден келген індет ел-жұртты есеңгіретіп тастады.



КЕДЕЙЛІКТЕН ҚАЛАЙ ҚҰТЫЛАМЫЗ?

Жиған, тергенін тойға шашатын халықпыз ғой. Осы кезге дейін той тойлап, думандатып, жоқты жасырып, барды асырып көрсетуге дағдыланып қалған едік. Вирус көрпеңе қарай көсілу керектігін үйреткендей ме? Әйтеуір не керек, көпшілік үнемдеудің игілігін біле бастаған. Олай етпеске амал жоқ. Тәжді тажалдың салдары біршама дүниеге тосқауыл болды емес пе? Қаншама жұмыс орны жабылып, жұмысшылар қысқарды. Кәсіпкерліктің қарқыны бәсеңдеді. Базардағы баға қымбатшылығы өз алдына. Мұның бәрі түбінде экономиканың әлсіреуіне, күнкөріс деңгейінің төмендеуіне әкелетіні белгілі.

Биыл базардағы азық-түлік бағасы бірнеше мәрте қымбаттады. Жаз бойы көкөніс, жеміс-жидектің құны жылдағыдан жоғары болды. Ең қажетті деген өнімдердің бағасы күн сайын құбылып тұр. Десе де айлығы өсіп, жетісіп жүргендер шамалы.

Дағдарыс жағдайында кедейлік деңгейінің өсетіні айтпаса да түсінікті. Мамандардың айтуынша, биыл елдегі кедейлік деңгейі 5,7 процентке өсіпті. Былтыр бұл көрсеткіш 4,3 процент болған. Өсім әсіресе, жылдың екінші жартысында артқан. Аталған жағдай ауылдық жерде 7,8 процент, қала бойынша 4,2 процентті құраған. Ал жалпы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халық саны елімізде 1 миллион адамнан асады екен.

Статистикалық мәліметке сүйенсек, биыл кедейлік деңгейі 5 облыста айтарлықтай артқан. Алдыңғы қатарда 12,8 процентпен Түркістан облысы тұрса, Солтүстік Қазақстан – 7,4, Жамбыл мен Қызылорда

6,9 процент, Ақмола өңірі 6,7 процентке өскен. Ал Нұрсұлтан, Қарағанды, Атырау облысындағы жағдай 1,4-3,1 процент аралығында.

Екіншісі сол, кедейлік деңгейі артқандар қатарында Сыр өңірі төртінші орынға тұрақтаған. Біздегі статистикалық дерек бойынша бұған дейін (2019 жылы) аймақтағы кедейлік көрсеткіші 4,9 процент, яғни 37811 адам болса, биыл жыл басында 4,6 процентке төмендепті. Десе де жылдың екінші тоқсанында аталған көрсеткіштер 6,9 процентке жетіп, тұрмысы төмен халық саны 53234 адамды құраған.

Аталған сандардың өсу деңгейі түсінікті. Тышқан жылының әуре-сарсаңы ешкімді жетістірген жоқ. Күнін әрең көріп отырған қарапайым халықты айтпағанда, бай-бағланның өзі жанталасқан жыл болды. Алайда кедейлікке тек дағдарысты сылтау қылудың да қажеті жоқ. Түбінде еңбек етпеген адамға тәтті нанның табылуы неғайбыл. «Өрекетке берекет» деп тірлік қылғанға несібесі бұйырары хақ. Тек тер төгіп, жалқаулықтан арылу керек-ақ. Қалай десек те, әр адамның өз несібесі бар. Кедейлік бұған дейін де болған. Келешекте де болары анық. Тек індет, дағдарыс бүйірден қысып, соққы боп тұр.

Айтпақшы, дүниежүзілік банктің болжамы бойынша қалтанда күнге 500 теңге болмаса, сен кедей адам қатарында екенсің. Бір жалақымен күн көретін жұртшылықтың кейде 5 теңге таппайтын күндері болады. Сонда бұл кедейліктен қалай құтыламыз?

Айдана САЙДУЛЛАҚЫЗЫ

ОНЛАЙН ӘЛЕМНІҢ АРТЫҒЫ МЕН КЕМТІГІ

Интернет-дүкендер, азық-түлік жеткізу қызметтері, онлайн кино-театрлар, білім беру платформалары, конференция өткізу алаңдары, бәрі-бәрі үлкеннің де, жастың да виртуалды әлемге енуіне мәжбүр етті. Пандемия халық үшін сын сәттен қатар, өсу уақыты болды десек қателеспейміз. Карантин мен өзін-өзі оқшаулауға мәжбүр болу адамдардың тұрмыс салтын да өзгертті. Интернет қызметіне жүгіне бермейтін аға буынның санасына үлкен өзгеріс әкелген уақыт десек артық емес. Осы кезеңде интернет сауда жасаудан сақтанатындар онлайн сауданың тиімді әрі денсаулық үшін қауіпсіз екеніне көз жеткізді. Азық-түлік дейсіз бе, киім керек пе, тіпті дәрі-дәрмек алу үшін де үйден шығып, кезекке тұрудың қажеті жоқ. Бәрін де қолыңыздағы ұялы телефон арқылы атқара бересіз. Тіпті ел қолма-қол ақша ұстайтындарға таңданыспен қарай бастады. Осылайша онлайн әлем тұрғындарына айналды.

Бір айта кетерлігі, онлайн қызметке әбден арқа сүйеген ел техниканың артықшылығымен қара көмішілігі де бар екенін ұмытпауы тиіс. Кез келген технология үздіксіз, қателіксіз болмайды. Сол сияқты интернет қызметтің де үздіксіз жұмыс істеуі мүмкін емес. Кез келген үздік деген техниканың артында адам тұрғанын ескерсек, адам да қателеседі, техника да бұзылады.

Интернет тарихындағы ұмытылмас сәтсіздіктердің бірі 1996 жылы 16 тамызда болды. AOL провайдерінің 6 млн-нан астам тұтынушылары бір тәулік бойы компания сервисін пайдалана алмады. AOL компаниясының негізін қалаушы әрі бас директоры тұтынушылар алдында кешірім сұрап, оларға бір күн тегін интернет пайдалануға мүмкіндік жасаған. Интернет тарихындағы тағы бір қолайсыздық – 2008 жылдың қысындағы жағдай. Пәкістан билігі YouTube желісін тұрғындардың пайдалануына тыйым салды. Пәкістандық провайдерлер ел билігінің тапсырмасын орындайды. Алайда провайдерлердің қателігінен әлемнің барлық елі YouTube желісін қолдана алмай қалды. Өрине, қателік түзелді. Бұл интернеттегі қателіктердің бір мысалы ғана. Бүгінде интернет технологиялар бұдан он жыл бұрынғымен салыстырғанда әлдеқайда дамыды. Дегенмен технологиялар сәтсіздігі болмай қалмайды. Жакында Google қызметтерін пайдалануда кедергілер орын алды. Google әкімшілігінің орын алған жағдайды сол мезет бақылауға алуының нәтижесінде 1 сағат ішінде қолданушылар Google қызметін еркін

Басы 1-бетте



пайдалана бастады. Сондай-ақ онлайн-банкінг қызметтерінде де кейде үзіліс болып қалатыны белгілі. Мұндайда қолданушылар өзінің ақпараты мен ақшасын уайымдай бастайтыны сөзсіз. Техникалық ақаулар үшін даурығудың қажеті жоқ екен. Мамандардың айтуынша, банкке қатысты қауіпсіздік талаптарын сақтау керек. Атап айтқанда күрделі пароль, қосымша қорғау талаптарын орындасаңыз, уайымдаудың қажеті де жоқ.

Қалай айтқанда да адамзат үшін интернет күнделікті қажеттілікке айналды. Тұрмысымызда су, жарық қаншалықты қажет болса, интернет қызметі де осындай қажеттіліктің бірі саналады. Бір мезет жарық өшіп, су болмай қалса қиналатын ел бүгінде интернет үзіліп қалса да абырған қалатын болды.

Г.МАҒЛҰМҚЫЗЫ

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ



ЖОҒАЛҒАН ЖАСӨСПІРІМ ТАБЫЛДЫ

Жуырда қызылордалық полицейлер Алматы облысында жоғалған жасөспірімді тапты.

18 желтоқсанда сағат 15:30 шамасында Алматы облысы ПД Жамбыл аудандық полиция бөліміне Қарасай ауданының тұрғынынан 12 жастағы баласының Үшбұлақ ауылындағы ата-әжесінің үйінен белгісіз бағытқа шығып, қайта оралмағаны жөнінде хабарлама түскен.

Алматылық әріптестерінен келген бағыт-бағдар бойынша облыстық полиция департаментінің жеке құрамы құлақтандырылып, дереу жедел іздестіру шаралары басталды. Нәтижесінде ювеналды полицейлер 21 желтоқсан күні кешкілік Қызылорда қаласы Жапсабай батыр көшесінің бойында жалғыз жүрген бір жасөспірімді анықтады. Тексеру барысында оның іздеуде жүрген жасөспірім екендігі белгілі болды.

МАЛ ЕМЕС, ЕТ ҰРЛАНДЫ

Соңғы уақытта мал ұрлығы жиі естуші едік. Енді оған ет ұрлығы қосылды. Бұл оқиға Арал ауданында болған.

Аудандық полиция бөліміне келіп түскен арызда 40 жастағы азаматша үйінің кіре беріс бөлмесінің ағаш терезесінің әйнегін алып, асхана бөлмесінде жайылып тұрған 100 келі түйе етін және ауласындағы сарайының ішінен велосипедінің ұрланғанын айтып арызданған.

Түскен арыз негізінде аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері іздестіру жұмыстарын жүргізді. Жедел жұмыстың нәтижесінде 30 жастағы аудан тұрғыны ұсталды. Айғақ заттар да алынды. Бүгінгі күні тексеру амалдары жүргізілуде.

ЕСІРТКІ ЗАТЫ ҚАЙДАН ШЫҚТЫ?

Жуырда қызылордалық полицейлер есірткі затын сақтаған күдіктіні ұстады. Жакында патрульдік рота полиция қызметкерлері «Қызылорда-Жезказған» тас жолында жол ережесін бұзған «Митсубиси Галант» автокөлігін тоқтатты.

Тексеру барысында автокөліктің салонынан жолаушыға тиесілі ерекше иісі бар шөп салынған полиэтилен пакеті алынды. Сараптама қорытындысы бойынша ерекше иісі бар зат бір келіге жуық «кептірілген марихуана» екендігі анықталған.

Оқиға орнында күдікті ұсталды. Ол 41 жастағы Жезказған қаласының тұрғыны болып шықты. Қазіргі уақытта аталған дерек бойынша тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

«Ақмешіт-Ақпарат»

СПОРТ

Сыр дзюдошылары 6 медаль иеленді

Сырбойлық спортшылар дзюдодан өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында бақ сынап, алты медаль еншіледі. 300-ге тарта дзюдошы қатысқан додада Сыр балуандары 1 алтын, 2 күміс, 3 қола медальға қол жеткізді.

Спортшылар арасында 60 келіде сынға түскен Мағжан Шамшадин Қазақстан чемпионы атанып, аймақ абыройын асырды. Жеміпзас сайыста төрт кездесу өткізіп, қарсыластарын айқын басымдықпен

жеңген. Ал 81 келіде өнер көрсеткен Абылайхан Жұбаназар мен 100 келіде бақ сынаған Айбек Серікбаев күміс, 52 келіде додаға түскен Құндыз Жылқыбай, 78 келіден жоғары салмақта сайысқан Нұрғаным Тұршабек пен 100 келіден жоғары салмақта жарысқан Еламан Ергалиев қола жүлделер атанды. Сонымен қатар сайыс қорытындысы бойынша Құндыз Жылқыбай мен Абылайхан Жұбаназар КР спорт шебері нормативін орындап, ұлттық құрама командасының сапына кірді.

Спортшыларды жарысқа дайындаған КР еңбек сіңірген жаттықтырушылары: Жанарбек Сансызбаев, Қален Қалиұлы, Ришат Бурлов, жаттықтырушылар Рамазан Мұстафаев, Тұрар Баймаханов, Қайрат Байжанов, Мұхтар Күзентаев.



Ұлттық құрама іріктеу ойынын жеңіспен бастады

Футзалдан Қазақстан ұлттық құрамасы Еуропа чемпионатының іріктеу турниріндегі алғашқы ойынын Мажарстан футболшыларына қарсы өткізіп, 5:0 есебімен жеңіске жетті.

Екі құрама арасындағы бәсеке жуырда ғана даңқты балуан, Мәскеу Олимпиадасының чемпионы Жаксылық Үшкөміртің есімі берілген елордадағы жекпе-жек сарайында өтті. Ойында

Қазақстан құрамасы толықтай басымдыққа ие болып, қарсыластының қақпасына жауапсыз бес гол соқты. Атап айтар болсақ, ойын барысында Арнольд Кнауб, Дәурен Нұрғожин, Альберт Ақбалықов, Дәурен Тұрсағұлов мергендігімен көзге түсті.

Енді жерлестеріміз келесі ойынын 2021 жылдың 28 қаңтарында сырт алаңда Израильмен өткізеді. Айта кетейік, Қазақстан құрамасы Еуро-2022 турнирінің іріктеуінде 5-топта өнер көрсетуде. Біздің топта Мажарстан мен Израильден бөлек, Беларусь құрамасы да бар. Еуропа чемпионатының финалдық кезеңінің жалауы 2022 жылдың 9 қаңтары мен 3 ақпаны аралығында Нидерландта желбірейді.

«Ақмешіт-Ақпарат»



Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Атпасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарымымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескерілді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр мөлді» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4422 Тапсырыс №757

Нөмірдің кезекші редакторы Ерсін ШАМШАДИН

Газеттің келесі саны 31 желтоқсан, бейсенбі күні шығады.